

АЛДАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№14 (76) 4 сәуір 2025 жыл

Ой түрткі

Уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз



2024 жылы қаңтарда үкіметтің «Уақытты есептеу тәртібі туралы» қаулысы ресми түрде жарияланып, 1 наурыздан бастап Қазақстан жаңа уақыт белдеуіне көшіп, бүкіл елде уақыт теңестірілді. Бірыңғай уақыт белдеуін орнатуды уақытты есептеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобына кірген қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар бірыңғай уақыт белдеуін белгілеу еліміздің әр өңірінің тұрғындары арасындағы уақытша кедергілерді жойып, көлік және басқа да коммуникацияларды үйлестіруді жақсартып, бизнесті жүргізуге, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына оң әсерін тигізетінін ұсынған болатын.

Уақыт белдеуі бір сағат кері шегінуімен халық арасында сол кезден бастап мәселе туындады. Мәселен, жұмыстан қайтушылар тым қараңғыда қайттық десе, енді бір бөлігі түнде таң атып тұрғандай, ұйықтауға қолайсыз деп шағымдана бастады. Тіршілікте қолайсыздық туғызып, денсаулыққа кері әсер етіп жатқанын алға тартқан қазақстандықтар тіпті уақытты кері қайтару туралы қысқа уақытта 50 мың қол жинап, петиция да жариялады.

Ал бұл бұл реформа энергияны үнемдеуге және өмір сүру жағдайын жақсартуға көмектеседі деген сеніміне қарамастан, орын алған өзгерістер электр энергиясын тұтынудың айтарлықтай өсуіне әкелді.

Өткен аптада Қонаев қалалық мәдениет үйінде «Жұмыс кестесін өзгерту» тақырыбында қала тұрғындарымен тағы бір тыңдау өткізілді. Бұл жиында Алматы облысының ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Медғат Кабдылқайыров, Қонаев қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Сергей Горяной, облыстық жастар саясатын іске асыру, ұйымдастыру және бақылау бөлімінің басшысы Ләззат Мырзабекова қатысты.

«Бірыңғай уақыт мәселесін талқылау қорытындысы бойынша медицина, нейроғылым, биофизика, генетика, астрофизика, физиология салаларындағы ғылыми зерттеу институттары салалық сарапшыларының және мүдделі тұлғалардың қатысуымен бірыңғай уақыт белдеуінің халық денсаулығына, энергия тұтыну және еңбек өнімділігі әсеріне мониторинг жүргізілді. Жұмыс барысында уақыт белдеуі өзгеруіне дейінгі және одан кейінгі көрсеткіштерді салыстыратын кешенді тәсіл қолданылды. Нақты деректерге негізделген нәтижелер уақыт белдеуінің өзгеруі халық өмірінің негізгі көрсеткіштеріне теріс әсері болмағанын айқындады.

Жұмыс кестесін ауыстыру арқылы жұмыс уақытын оңтайландыру жөніндегі бастама Шығыс Қазақстан облысының бірқатар ауданында тұрғындар тарапынан қолдау тауып, жұмыс кестесі 8:00 - ден 17:30 (кешкі бес жарымға) дейін өзгертілді. Бұл шаралар, азаматтар үшін қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ кәсіби

және жеке өмір арасындағы теңдікті жақсартуға бағытталған. Қажет болған жағдайда, осындай тәжірибені жергілікті атқарушы органдар Алматы облысында да қолдануға мүмкіндігі бар.

Жұмыс кестесін ауыстыру жөніндегі тыңдау еліміздің барлық аймақтарында өткізіледі. Содан кейін ғана барып тиісті шешім қабылданатын болады,- деді Медғат Көбегенұлы өзінің кіріспе сөзінде.

Залда отырған қала тұрғындарының пікірлері екіге жарылды. Бірі қаулы қабылданбай тұрғанға дейінгі уақыт белдеуін кері қайтару керек десе, екінші топ жұмыс кестесіне өзгеріс енгізу анағұрлым пайдалы деп әрқайсысы өздерінің ұсыныс пікірлерін онды тұстарын дәлелдеуге тырысты.

14 наурызда өткен Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев бұрынғы уақыт белдеуіне оралу мүмкіндігі туралы: «Үкімет пен Парламент бұл мәселені талқылады. Арнайы зерттеулер жүргізілді, шешімге күмән келтірген қоғам белсенділерінің қауіпі мен күмән-күдігі расталған жоқ. Үкіметтің және депутаттардың басым көпшілігінің, сондай-ақ мамандардың уәжімен келісемін: біздің кең-байтақ жеріміз бар, халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірыңғай уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді. Осымен пікірталасты доғару қажет деп ойлаймын, оның үстіне бұл мәселені саяси-ландырудың қажеті жоқ», - деген болатын.

Қалай дегенмен де уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Уақытты қалаған кезімізде ұзартып, қалаған кезімізде қысқарта алмаймыз. Уақыттың адамға бағынбайтын өз заңдылығы бар. Саудаға салынып жатқан уақыт белдеуі төңірегіндегі әңгімеге нүкте қойылатындығы айқындалып қалғандай. Десе де болжам айтуға асықпағанымыз жөн.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Байқау

Қос іс-шара қошеметке бөленді

Қасиетті Рамазан айының аясында табалдырықтан аттаған эз-Наурыз мейрамы жанарудың, жасарудың жақсы бір нышаны болғанына ниеттері мен пейілдері көлдей тасыған халықтың көзі жетті. Сол бір көкөрай шақтың көңілді көкке жеткізген сағынышты сәттерінің ыстық-суығы әлі басыла қойған жоқ.

Қашан да халқымыздың ұлттық құндылықтарына айрықша мән беріп келе жатқан Елтай ауылдық ардагерлер және аналар ұйымы бұл жолы да бекем бетбұрыстарынан жаңыла қойған жоқ. Аталған ұйымдардың ұйытқы болуымен өткенде Береке ауылдық кітапханасы және мәдениет үйінің ұйымдастыруымен бір күннің ішінде «Аталардың ақ батасы» атты батагөйлер сайысы мен «Асыл қазына» аталар мен әжелер ансамблінің есепті концертін тамашалады.

Дуалы ауызды батагөйлердің қай-қайсысы болса да бірінен-бірі өтіп, суырылып алға шығып тұрды. Қазылар алқасы қойған талаптарды қатаң түрде орындап отырды. Олар «Батаменен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген қазақи қағиданы берік ұстанған батагөйлер аянып қалмады. Осы бәсекеге қазылар алқасына жетекшілік еткен Есенгелді Салибеков, Береке ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы А. Көшербаев, қазақ тілі пәнінің мұғалімі, зейнеткер Б.Слямова төрелік етті.

Сайысқа түскен батагөйлердің сынақтан сүрінбей,

мерейлері үстем болғандары да бар. Бірінші орынды Қ.Мерейімов, екінші орынды Т.Исабеков, үшінші орынды Қ.Кейкова иеленді. Жеңімпаздар арнаулы Алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталды. Бұл іс-шараның ойдағыдай өтуіне кітапхана меңгерушісі Жәмила Қарқынбаева мен мәдениет үйінің директоры Қ.Измахановтың қомақты үлестерін қосқанын атап өткен артық болмайды.

Жұртшылық алдында ата-әжелер тізгінін ұстаған «Асыл қазына» ансамблінің өнерпаздары таңдай қақтырарлық тамаша өнерлерімен көрерменін өздеріне қаратып алды. Құрылғанына төрт жыл болған бұл ансамбльдің мүшелері- шеттерінен қамшы салдырмайтын саңлақтар. Олардың арасынан мың бұралған биші де, күй атаулыны күмбірлетіп ойнайтын күйші де, бұлбұл көмей әнші де баршылық.

Аталған ансамбльдің осы уақыт ішінде алып жатқан атақтары аз емес. Алматы қаласында өткен «Өнерлі елдің өресі биік» атты республикалық байқауда «Хормен ән салу» номинациясында бас жүлдені, «Анаға құрмет» музейінің 10 жылдығында «Дәстүрді дәріптеген әжелер» байқауында жүлделі III орынды иеленсе, биылғы жылы Түркістан қаласында өткен республикалық «Шуақты шақ» байқауында бас жүлдені қанжығаларына байлап қайтты. Ансамбльдің бұл жолғы өнерлеріне де көрермен қауым қатты риза болды. Оның мүшелері өрге жүзген өнерлері үшін тиісті марапаттарға ие болды. Сөйтіп, Елтай ауылында бір күнде өткен қос шараға тәнті болған жұртшылық дән риза болып, қошеметпен қол соғып тарасты.

Қанат ТӘКЕБАЕВ.
Қарасай ауданы.

Апта жаңалықтары

Кітаптарының тұсауы кесілді

Балқаш аудандық кітапханасында Әлем Халықтары Жазушылар, Халықаралық Жазушылар және Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Мәдениет майталманы» төсбелгісінің иегері, Іле ауданының Құрметті азаматы, ақын, әуесқой сазгер, ардагер журналист Шыңәділ Мұқанұлының «Балқашым – Камал түбегім» және «Қырбастың кызылы» атты кітаптарының тұсауы кесіліп, оқырман қауымға таныстырылды.



Ақынның 75 жасқа толған мерейтойына орай «Ақын – дәуір айнасы» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шарада алғашқы сөз кезегін алған аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Гүлзат Сәлімжанова тарихы терең, бақ дарыған Балқаш ауданының қасиетті топырағынан нәр алып, мәдениет саласына өзіндік үлесін қосып келе жатқан мерейтой иесіне ақ тілегін білдірді.

Одан кейін сөз алған Қонаев қаласы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматтары Ізтілеу Тойшыбайұлы мен Зарыққан Есілбаев ақынның қаламынан туған құнды дүниелердің келешек ұрпаққа рухани азық болатыны айтып, Шыңәділ Мұқанұлының «Қазақстанның Құрметті азаматы» байқауына қатысып, жеңімпаз атанғанын және халықаралық «Дулати» сыйлығының лауреаты, Алматы облысының «Құрмет кітабына» есімі енгенін тілге тиек етіп, мерейтой иесінің иығына зерлі шапан жауып, құрмет көрсетті.

Мәдени шараға құрметпен шақырылған ақынның замандастары Ақынбек Станбеков, Марат Қашқынбаев, Мұқанғали Қожабеков және Самат Рақышев жүрекжарды тілектерін білдіріп, «қаламың қарымды болсын» деген тілектерін арнап, киелі өңірдің топырағынан жаралған ақынға ауданның «Құрметті азаматы» атағын беру жөнінде мәселені ортаға салды.

Іс-шарада аудан өнерпаздары Айбын Батырбаев пен Алмабек Садықовтар әуелете ән шықса, Бақана мектеп-интернатының оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ақши ауылдық мәдениет үйінің әншісі Ғылымжан Жәнісұлы Шыңәділ Мұқанұлының «Туған жер сені сағындым» және «Күнім – айым» атты әндерін орындап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Мәдени шараны ұйымдастырған аудандық кітапхана директоры Қаракөз Жұмаділова мерейтой иесіне құттықтау тілеген арнап, жаңа кітаптардың оқырманы көп болсын деген тілегін жеткізе келе, мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

Шыңәділ Мұқанұлы алғашқы қолына қалам алған балалық шақтарынан естеліктер айтып, жаңа кітаптарының тұсауы өзінің туған өңірінде өткізіліп жатқанына дән ризашылығын білдіріп, аудандық кітапхана ұжымына шығармашылық сәттілік тіледі.

Өз тілшіміз,
Балқаш ауданы

Салауатты өмір салты

Қабілеттерінің ұшқыр екенін дәлелдеді

Қонаев қалалық ардагерлер кеңесі Наурыз мерекесіне орайластырып, 10 ықшамаудандағы қазақ лицейінде «Ауыл» партиясы Алматы облыстық филиалының демеушілігімен ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан жарыс ұйымдастырды. Бұл жарыста 60-65 жасқа дейінгі және 65 жастан асқан ардагерлер өзара бақ сынасты.



Сайыстың басты мақсаты ардагерлердің спорттық шеберліктерін және жан-жақты дайындықтарын арттыруға, салауатты өмір салтының құндылығын насихаттауды іс жүзінде қалыптастыруға, сондай-ақ, қаланың үздік ойыншылары анықтауға арналды. Шахмат пен дойбыға барлығы 40 адам қатысты.

Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға жеңіс тіледі. Турнирге спорт ардагері Орынбай Тойлыбаев, Бағда Керейбаев, Арнұр Ғаббасов әділ төрелік етті. Турнир барысында үздік ойын өрнегін көрсеткен ардагерлер ойлау қабілеттерінің ұшқыр екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Олар ойында барысында жеңімпаз атану үшін барын салды.

Шахмат ойының қорытындысы бойынша 65 жастан асқандар арасынан Евгений Ким 1 орынды, Тәңірберген Оразалин 2 орынды, Тигран Аюянов 3 орынды өзара бөлісті. 65 жасқа дейінгі шахматшылар легінен Әмірбек Барбосынов 1 орын, Гүлшара Нұрышева 2 орынды иеленді. Дойбы сайысынан Есболған Қабалов 1 орынға, Айдархан Нұрсұлтанов 2 орынға, Қанат Молдабергенов 3 орынға тұғыр тіреді.

Қонаев қаласының ардагерлер кеңесі өткен жылы шахматтан жарыс ұйымдастырғанда, қала чемпионы болған Ізтілеу Тойшыбайұлы облыстық турнирде де ешкімге дес бермей бірінші орынды қанжығасына байлап, жеңімпаз атанған болатын.

Жеңіс тұғырынан көрінген жеңімпаздарға демеушілік көрсетіліп, Алғыс хаттарымен, бағалы сыйлықтарымен және медальдармен марапатталды.

Өз тілшімізден.

Ұстаздық еткен жалықпас...

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Ұстаз болу – әркімнің қолынан келе береді. Ал, нағыз ұстаз болу үшін, жалықпай еңбек етіп көп тер төгуді қажет етеді. Бүгінгі әңгімемізге арқау болғалы отырған жан Баймолданова Мейрамбала Байтанқызы 1956 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұқыры ауылында дүниеге келген.

Ол мектеп бітірген 1973 жылы Талдықорған қаласында алғашқы педагогика институты ашылды. Осы жаңадан ашылған жоғарғы оқу орнына Қазақстанның әр өңірінен алғашқы талапкерлер келе бастады. Осы талапкерлердің ішінде Мейрамбала бар еді. Емтиханды жақсы тапсырып, студент атанды.

Міне осы жерден қызығы мол студенттік өмір басталды да кетті. Институтта төрт жыл оқып, алғашқы болып Мейрамбала дипломын алды.

Алғашқы ұстаздық еңбек жолын Талдықорған облысы Киров ауданы Мамбет ауылының В.И Ленин атындағы орта мектептен бастады. Екі жыл аталған мектепте комсомол ұйымының хатшысы, екі жыл директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасады. Осы аталған мектепте математика пәнінің мұғалімі болып 2000 жылға дейін еңбек етті.

2001 жылдан бастап Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының №4 Абылайхан орта мектебінде және Р.Тоқтаев атындағы мектепте жұмыс жасады. 2017 жылдан бүгінгі таңға дейін Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылдың округіндегі №1 орта мектепте еңбек етіп келе жатыр. 2006 жылдан бері Еңбекшіқазақ ауданында ҰБТ кезінде апелляция комиссиясының мүшесі. 2002 жылы Алматы облысында ұйымдастырылған математика пәні олимпиадасында оқушылары 2 орын алып, өзі диплом-



мен марапатталды. 2006 жылы Астана қаласында өткен «Оқытудың кредиттік технологиясы» атты тренингпен Астана қалалық білім бөлімінің «Алғыс хатын» алды.

2013 жылы «Жаңашыл ұстаз» форумына қатысып Өскемен қаласында «Құрмет грамотасына» ие болды.

2015 жылы Алматы облысы білім басқармасының «Құрмет» грамотасын алды. 2019 жылы Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Респу-

бликалық педогогтар съезінің делегаты тағы да басқа аудандық, облыстық, республикалық Алғыс хаттар мен грамоталар саны 20-дан артып жығылады.

2023 жылғы 16 қазан Президент жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Президент Қ.Тоқаевтың өз қолынан алды.

Міне біздің мақтанышымыз, Мейрамбала Байтанқызы осындай жан.

Үзбей ұстаздық етуден жалықпай 48 жыл еңбек етіп келе жатыр. «Ұстазды алтын діңгекке балар едім» - деп, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаздық тарихтағы ең ұлы істің бірі. Атқарған еңбектері еленіп, жоғарыда айтылған марапаттарға ие болып жатыр.

Ал, енді бұл марапаттарынан да жоғары, ол тәрбиелеп ұшырған шәкірттерінің жетістіктері бір төбе.

«Ұстазсыз шәкірт тұл» дегендей, Мейрамбала Байтанқызының да шәкірттері бүгінде сан-салалы қызмет жасап, еліміздің гүлденуіне тер төгуде. Өнегелі ғұмырында жүздеген шәкіртті білім нәрімен сусындатқан Мейрамбала-шәкірттерінің білімге деген шырағын жаға білген жан.

«Мына өмірде көп шәкіртін бақытқа кенелткен адам-бақытты» деген ұлағатты сөз бар.

Шәкірттеріне бақыттың кілтін ұстатқан ұстаз Баймолданова Мейрамбала Байтанқызы – бақытты жан, ардақты ана, асыл жар, аяулы әже.

Еңбегің жана берсін Мейрамбала! Біз сенімен мақтанамыз!

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ.
Байсерке ауылы.
Іле ауданы.

Тарих

Қазақ даласындағы мал-мүлікті тәркілеу

Қазақ халқының өткеніне зер салсақ, қисынсыз қиянатқа, қасіретке кез боласың... Қалың елдің іргесін бұзып, нақақтан қаралап, шаңырағын шайқалтып, еркін елдің, ауқаттылардың мал-мүлкін тәркілеу мен шаруашылыққа зор нұқсан келтірілгені, жер аударылған байлардың отбасының зар-мұңы, күйзелісі тарих толқынынан белгілі.

Қазақ байларын тәркілеу Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру саясатының бастамасы болды. Байлардың мал-мүлкін тәркілеуден қазақ кедейлері материалдық жағынан да, рухани жағынан да ештеңе ұтқан жоқ. Керісінше, байлардың малын тәркілеу халықтың жағдайының күрт төмендеуіне алып келді. Қазақстандағы ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу мал

кана ірі қара мал жинап аламыз деген кеңес үкіметінің жоспары болған. Нәтижесінде алғашқы тәркілеу кезінде 142737 бас мал, 108 ағаш үй және тағы басқа мүліктер тәркіленгені хатталған.

1927 жылы желтоқсанда ірі бай шаруашылығын тәркілеу жөніндегі заң жобасын әзірлейтін арнайы комиссия құрылды. 1928 жылы наурызда Қазақ

кілеуді іске асыру бойынша арнайы нұсқаулар жіберілді.

Қаулы бойынша көшпелі аудандарда мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылуға тиісті ірі байлар санына ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы барлар және бұрынғы хандар мен сұлтандардың ұрпақтары жатқызылды.

Округтік атқару комитеті Төралқасының жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі Алматы округтік комиссиясы ОСК және КАССР ХКК-нің 1928 жылғы 27 тамыздағы «бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Қаулысы негізінде құрылды.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандатқан қазақ коммунистерінің байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны ел арасында «кәмперке» деген атпен белгілі болды. «Бай мен кедей» деп бір қоғамды екіге бөліп, бір-біріне қарсы қойған большевиктердің бұл саясатының салдары қазақ халқы үшін өте ауыр болып алапат ашаршылыққа ұрындырған себептердің бірі еді.

Алматы облысының мемлекеттік архивінде сақталған №591 «Байлардың мүлкін тәркілеу бойынша Округтік атқару комитеті жанындағы Алматы округтік комиссиясы» (Алма-Атинская окружная комиссия по конфискации байского имущества при окрисполкоме) атты қордағы құжаттар тәркілеу науқанының тарихынан да мол мәліметтер береді.

Міне осылай, қазақ халқының ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихи бақытсыздық, қырғын әкеліп, тұтас бір ұлттың жартысына таяуын қырғынға ұшыратып, елеулі бөлігін жат жерге амалсыздан қоныс аудартқан қайғылы оқиғалар орын алуымен ерекшеленеді. Өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан өткерді.

Меруерт УӘЛІЕВА,
қойма менгерушісі.

Активное долголетие

Недавно в районном центре Отеген бытыр, в здании ДЮСШ на Ажимуратова, состоялась презентация очередного филиала центра активного долголетия. На его открытии присутствовали: начальник управления занятости и социальных программ Алматинской области Айгуль Ахметова, председатель Алматинского областного Совета ветеранов Ерболат Турумбетов, представители районного акимата Илийского района, акимата Энергетического сельского округа, областного Центра активного долголетия, политических партий, Совета ветеранов, женских организаций, активисты здорового образа жизни. Перед открытием гостям из Қонаева и сопровождавшим лицам показали несколько кабинетов и залов, где участники центра занимались любимыми занятиями: пением, йогой, гимнастикой, шахматами.

Еще одно место для пожилых людей: жить с пользой для здоровья



Затем была небольшая концертная программа с участием этно-ансамбля «Әжелер» и славянской вокальной группы с песней «Катюша» в честь 80-летия Победы в Великой Отечественной войне.

Выступившая на открытии руководитель УЗСП Айгуль Матановна сказала: «Первый Центр активного долголетия был открыт в 2023 году постановлением акима Алматинской области Марата Султангазиева. Сейчас, спустя время, такие учреждения функционируют в селе Мынбаева Жамбылского района, в городе Қонаев, в селе Шелек, в Талгарском районе.




И очередной из филиалов сегодня мы открываем в селе Отеген батыр. В каждом из центров оказывается 19 видов различных услуг по интересам посетителей. Это и скандинавская ходьба, йога, компьютерная грамотность, вокал и т.д. Все это делается с одной важной целью, как призывает наш президент Касым-Жомарт Токаев, повышать среднюю продолжительность жизни в стране.

Далее на мероприятии выступили: директор коммунального государственного учреждения «Центр Активного долголетия» управления координации занятости и социальных программ Алматинской области Жания Сакташева, заместитель акима Илийского района Куат Акшабаев. Затем состоялась традиционная церемония передачи символического ключа от Талгарского района – Илийскому. В ней приняли участие председатель Совета аксакалов Талгарского района Ахат Салтанкулов и член женсовета Абиқадир Зоракул с одной стороны и председатель Совета аксакалов Энергетического округа Гафуржан Суйиндыков и председатель Совета матерей Илийского района Мейрамкул Жабиева. После этого состоялась церемония разрезания символической красной ленты под обряд шашу.

В беседе с представителями СМИ Айгуль Матановна пояснила, что пока все планируемые «группы здоровья и увлечений» не удается разместить в одном помещении ДЮСШа, так как спортшкола сама испытывает нехватку свободных площадей. Например, зал для тренировок бокса делится с группой по занятиям йогой. Поэтому «группы здоровья и увлечений» будут «разбросаны» по районному центру, где найдутся для них места. И, в целом, в райцентре помещений, построенных из бюджета мало и ожидается, что ситуация улучшится с вводом в строй нового Дома культуры в Отеген батыре. Тем не менее, А.Ахметова считает, что досрочное открытие филиала ЦАД это верный и необходимый шаг, так как есть спрос на такую услугу среди пожилого населения.

Перед выходом материала в печать мы связались с консультантом Илийского филиала ЦАД Зауре Аккасовой, которая поделилась последними новостями: «Сейчас к нам записалось на различные занятия 121 человек. Это йога, укрепление памяти, шахматы, тогыз кумалак, компьютерная грамотность, трудотерапия. Места проведения - ДЮСШа, районная библиотека, совет ветеранов. На группы ЛФК (лечебная физическая культура), цигун, танцы, специалисты есть, но пока ищем для занятий свободные площади. Но надеемся, что все проблемы со временем решатся.»

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Илийский район



шаруашылығының даму қарқынын тежеді. Малмен күн көріп отырған қазаққа бұл саясат ауыр соққы болып тиді.

Қазақстан тарихындағы, кеңестік қызыл империяның үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын күштеп жүргізуі бай-қулақтарды тәркілеуден басталды. Қазақстандағы байларды кәмпескелеу туралы архив деректері бойынша кей құжатта 285712 бас тек

өлкелік комитетінің бюросы ол заң жобасын бірнеше рет қарап нақтылады. Осы жылдың тамыз айында Өлкелік комитет тәркілеу науқанына тікелей басшылық жасайтын комиссия ұйымдастырды. Комиссияның төрағасы болып Е. Ернарзоров тағайындалды, оның құрамына О. Исаев, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, О. Жандосов және т.б кірді. Аталған қаулы қабылданғаннан кейін республиканың барлық округтері мен аудандарына тәр-

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЕЛ ЖАНАШЫРЫ



Ұйғыр ауданының іскер әйелдер қауымдастығының басшысы Айтуням Мұсажанқызы Мамированы 60 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Жүрегі кең, көңілі ақ, ниеті таза Айтуням Мұсажанқызын аудан халқы ел жанашыры ретінде мақтан тұтады. Аяулы ана, мықты кәсіпкер ретінде ол аудандағы жалғызбасты аналар мен қарттарға, жетім-жесірлерге үнемі қол ұшын беріп, оларға қайырымдылық көмегін жасап отырады. Сонымен қатар аудандағы қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып, жастарға үлгі-өнеге көрсетеді. Өзінің адал еңбегімен ауданның экономикасы мен әлеуметіне үлкен үлес қоса білді.

Айтуням Мұсажанқызы Сізді бүгінгі асқаралы 60 жасыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге мықты денсаулық, отбасыңыздың амандығын, шаңырағыңыздың шаттығын тілеймін. Өзіңіз жәрдем берген адамдардың Сізге деген шексіз алғысы жаныңызды жылуға бөлесін. Ақжарқын қалпыңызбен іскер әйелдердің көшін бастап, биік белестерді бағындыра беріңіз.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Йод, темір жетіспеушілік ауруларының алдын алу

Алиментарлық, азық-түлікпен байланысты аурулар - тағамда қажетті қоректік заттардың жетіспеушілігінен немесе олардың шектен тыс болуынан туындайтын аурулар.

Йод - адам ағзасының қалыпты өсуіне, дамуына қажетті микроэлементтердің бірі болып табылады. Адам организмне тағам мен судан түсетін йодтың қажетті деңгейде жетіспеуі - йод жетіспеушілігі аурулары мен олардың бұзылуларына әкеп соғады. Йод жетіспеушілік ауруларының ішінде - эндемиялық зоб аса қауіпті ауру болып табылады. Оның салдарынан көптеген аурулар, атап айтқанда, түйінді құрылымдар мен қатерлі ісіктер дамуы мүмкін. Йод жетіспеушілік ауруларының ең ауыр түрлерінің бірі - балалардың ақылы мен дене дамуының тежелуі, жыныстық дамуының жетілмеуі, әйел адамдардың жүктілік кезінде түсік тастау немесе көзі көрмейтін, ақылы кем бала тууы сияқты жағдайлар жатады. Йодқа аса мұқтаж аудандарға таулы жерлер мен аумағы теңізден алыс орналасқан аумақтар жатады.

Йод жетіспеушілік ауруларының алдын алу шаралары: - йодпен байытылған теңіз тағамдарын - балық, балық майы, теңіз жәндіктері, теңіз орамжапырағы және т.б. теңіз өнімдерін және сүт, жұмыртқа, ет өнімдері, көкөністер - қызылша, салат, шпинат, қызанақ, сәбіз, картоп, орамжапырақ, пияз, бұршақ, сарымсақ, жемістер, жидектер, жаңғақтар - құрма, алма, жүзім, шие, шабдалы тағамға жиі пайдалану; - йодталған тұзды және йодпен байытылған тағам өнімдерін пайдалану.

Теміртапшылық анемиясы ең кең тараған және әлеуметтік маңызды аурулардың бірі болып табылады. Теміртапшылық анемия нашар тамақтану мен нашар денсаулықтың индикаторы болып табылады. Бұл өз кезегінде ана мен бала өлімі көрсеткіштерінің жоғарылауына, физикалық және ақыл-ой дамуының кешеуілдеуіне әсер етеді.

Қазіргі таңда тұрғындар арасында теміржетіспеушілік анемиясының алдын алу жолдарының бірі витаминді-минералды кешенді қоспалармен байытылған (фортификацияланған) жоғарғы және бірінші сұрыптағы бидай ұнын пайдалану болып табылады, себебі ұн тұрғындардың барлық әлеуметтік тобы жаппай тұтынатын тағам екені белгілі.

Фортификация дегеніміз бұл ұн тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералдарды қосу процесі. Бұл өнімнің сапасы мен қоректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қоса, сиыр еті, балық, бауыр, бүйрек, өкпе, жұмыртқа, сұлы, қарақұмық жармасы, ірі бұршақ, ақ саңырауқұлақтар, какао, шоколад, көкөніс, бұршақ, алма, бидай, шабдалы, жүзім, май шабақ, қара өрік тағамдарын тағамға жиі пайдалану болып табылады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

Мәселе

Мектеп жыры бітпей тұр

Қонаев қаласының Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің ата-аналары 2023 жылы басталғанымен күрделі жөндеу жұмысының тым ұзаққа созылып, балаларының қаладағы орта мектеп-гимназия мен 10 ықшамауданындағы қазақ лицейінде екі жылдан бері қатынап оқып жатқандығы жөнінде өздерінің шағымдарын кездесуге келген қала әкімі Асхат Бердіхановқа төтесінен қойды.

Оларға шаһар басшысы мектептің күрделі жөндеуі нәтижесіз ұзаққа созылып жатқаны жөнінде баяндай келе, «Баршаңызға мәлім,

Алматы облыстық білім басқармасына қарасты білім бөлімі нысанды күрделі жөндеуден өткізу үшін «Шебербилд» ЖШС-мен келісім-



шартқа отырған. Алайда, мердігер жұмысын уақытылы аяқтамаған соң, келісімшарт бұзылды. Кейіннен білім бөлімі «Қонаев тұрғын үй» ЖШС-мен келісімшартқа отырды. Құрылысқа күніне бірнеше бригада жұмылдырылып, жұмыс істеп жатты. Алайда, қаржыландыру тоқтатылды», - деп жауап қайтарды.

Қостараптың арасындағы мәселені шешу үшін жаңа сот процесі жүріп жатқандығына тоқталып, «Осы жағдайда «Қонаев тұрғын үй» ЖШС Алматы облысының ауданаралық экономикалық сотына жүгінді. Бірақ, сот компанияның арызын қанағаттандырмады. Сот шешімімен келіспеген компания апелляциялық арыз берді. Бұдан бөлек, «Шебербилд» ЖШС-ның жасаған жұмысына сараптама тағайындалды. Бұл сараптаманың нәтижесі 1 айдан кейін шығады. Жалпы, біз бен сіздерге соттың нақты шешімін күтуден басқа амал жоқ», - деді шаһар басшысы. Сондай-ақ ол облыстық білім басқармасымен қаржыландыруды жалғастыру мәселесі талқыланып жатқанын айтты.

Кездесу барысында Асхат Бердіханов алдағы уақытта осы мәселемен ата-аналармен кездесу өткізетіндігін және биылғы жаңа оқу жылына дейін жөндеу жұмыстары толық аяқталатындығына уәде берді.

Заңғар АЛТАЙ.

Скетч

ТОЙҒА БАРСАҢ, ТОЙЫП БАР

Ғашығым менің, асылым менің сен, сен, сен.

Бақытым менің, жақұтым менің кел, кел, кел, - деп әндетіп тойға жиналып жатқан әйелінің үстіне үйге теңселе басып, жағасы жайлауға кеткен өз-өзіне дән риза болған күйеуі кіреді.

- Аяш, а, Аяш!...
- Әй, сенбісің. Тағы да тойып алғанбысың?
- Жоқ, аздап бір екі стакан...
- Ия, жұтып алдым де.
- Біздің бригаданың балаларының басы қосылып қалып...
- Әй, осы бастарың басқа күні неге қосылмайды, а?

Сонымен қайда болдың?
- Ана 5-ші микрорайонға қарама-қарсы тұп-тура жолдың бойындағы «Барыс» кафесіне кіріп, бой жылыттық.

- Барысқа барсаң, кешке қарай жәй күні неге бармайсың?

- Жәй күні болсын, қай күні болсын кешке жастар жол бермейді.
- Басқасына барсаң басың ауыра ма?
- Іші әдемі екен. Көрейік деп...
- Дәл бүгін бармасаң бірдеме болар ма еді? Тойға барарда тойып барайын де!
- Қайдағы той?!
- Қайдағы той? Немене, ұмытып қалдың ба? Кеше тойға шақыру қағазы келіп еді ғой. Міне есіңе түсірейін (оқи жөнелді).

«Құрметті Майбасар аға, Аттанғұл апай!

Сіздерді қырықтың қырқасына келген мерей тойыма шақырамын.

Ініңіз Тұрлығазы, келініңіз Бақытжамал.

Қапшағай қаласы «Гүлдер» сағат 18.00-де депті.

- А, онда кеттік.
- Кеттік дейді. Мына түріңмен бармақысың. Мен ешқайда бармаймын. Барсаң өзін бара бер.
- Неге?...
- Неге, неге, неге болушы еді. Осы жұрттың күйеулері алты стакан арақ ішсе де беттері бүлк етпей отыра береді. Ал сен болсаң, езуіңе екі стакан тисе есіңнен танасың.
- Аяш, болды ғой енді, тездетіп барайық та.
- Біз барғанша той да тарқап кететін шығар.
- Тарқамайды. Жаңа-жаңа қыз бастаған шығар. Біздің қазақтың әдеті емес пе, сағат 6-ға шақырса, 7-де әрең жиналатын. Тездет үлгереміз. (Үсті-басын түзей бастады.)
- Бармаймын дедім ғой, бармаймын. Ол жерге барып өткендегі Туғанбайдың туған күнін-

дегідей болса, бармай-ақ қойғаным жақсы.

- Е, Туғанбайдың туған күнінде не болыпты?

- Не болыпты дейді. Білмей қалғанын шіркіннің...Есіңде ме анау оң жағыңда отырған Желімгүлге желімдей жабысып, ой жаным жеңеше, жей отырыңыз, ой, алтын жеңешем, алып отырыңыз,- деп асты-үстіне түсіп бәйектеп, аузыңнан суың құрып отырғаның.

- Онда тұрған не бар екен, әйел болған соң сыйлап жатқаным да...

- Сыйлағаным де, сыйласаң сөйтесің бе? Берген уәден қайда? Сенің қас-қабағыңа қараймын, артық кетсем белгі берерсің дегенің. Өйткен белгісі бар болсын.

- Айтпақшы, белгі демекші, қалай еді?

Көзінді жайлап төмен салып, жымыып, басыңды шұлғып қойғанда мақұлдап, әлі де ішуге болады деген, ал, басыңды оңға бір, солға бір бұрып басыңды шайқасаң жетеді деген бе еді, ұмытпасам.



- Ұмытпасам де, әрине, сен ұмытып кетесің ондайда.

Әй, қу арақ-ай... (Басын сипап біраз ойлап тұрды.)

- Ұмытпасам, қылжып қалғаныңды сезбей қалдың ғой. Диванда төркінің төрінде жатқандай кескен теректей теңкіп, Желімгүлдің жамбасына жантайып, томардай басыңды тақап қойып тырышып қалғаның.

- Ой, сен де, қайдағы-жайдағы өткенді қозғап. Қойшы енді. Анау сенің сериалыңдағы Солидарттың соңында жүретін Мигель Анкельдің әйелін қарашы. Кім еді әлгі?...

- Викторія ма?

- Ия, сол Викторія күйеуінің асты-үстіне

түсіп, «Сүйіктім тамақ ішесің бе, сүйіктім, демаласың ба, сүйіктім сенімен бірге барайын ба?» деп әлпештеп-ақ отырғаны. Ал сен бармаймын дейсің.

- Мен ол Викторія сияқты бода-бода болып күйеуімнің қыр соңынан қалмай жүргем жоқ, көзімнен көргенімді айтып отырмын, сонда да мойындамайсың, ә?!

- Қой енді барайық. Ой, Аяш-ай! Мен де қолымнан келгеннің бәрін істеп жатырмын ғой, қолыңды жылы суға салып отырсың, от жағып, көмір шығармайсың, күні кешке шейін көргенің телевизор, бірінен соң бірі созылған сериалдардың соңында отырғаның. Керек десең, атаңның азан шақырып қойған атыңды да тура атамай Аяш, Аяш деп отырғаным. Сонда да жақпаймын. Әзір бармадың ғой, онда мен шешімең де жатып қаламын. Өз обалың өзіңе. Мен тойлап, тойып келдім.

- А, о, несі, жатқаның қалай? Саған ерегенекенде барамын. Барамын.

- Кешіктік қой, мүмкін ұят болар, бармай-ақ қойыық.

- Ештеңе етпес, ештен кеш жақсы дейді. Мәйек, бол жаным, жиналайық. Тек ана белгіні ұмытып кетпе. (Бімпап белгілерін көрсете бастады. Екеуі де мээ-майрам қарқылдап күледі.)

- Тез-тез, - деп әйелі күйеуінің алдына түсіп жөнеледі.

- Қой, барсам барайын, інішектен ыңғайсыз болар. Біз кеттік. Ал тойға жүріңіздер, тойға. Тек белгісі түсікіді ұмытпасам болғаны...

Жайлап басып, қарынын сипап кетіп бара жатқан Майбасарды көреміз.

Назгүл НҮРСЕЙІТ

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 6060
Тапсырыс №749
Индексі – 65472.